

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024– 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: _____ Амангелді орта мектебі _

Топ/сынып

_____ Мектепалды даярлық сыныбы _____

Балалардың жасы _____ 5-6 жас _____

Жоспардың құрылу кезеңі _____ Қаңтар айы 2024-2025 оқу жылы _____

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар айы	<p>Дене шынықтыру 3 сағат</p>	<p>. Спорттық ойындар.</p> <p>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.</p> <p>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.</p> <p>Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту 2 сағат</p>	<p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен</p> <p>әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер</p> <p>бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты</p>

	<p>бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді,</p> <p>салыстыруларды қолдану.</p>
<p>Көркем әдебиет 2 сағат</p>	<p>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p>
<p>Сауат ашу негіздері 3 сағат</p>	<p>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>
<p>Қазақ тілі 2 сағат</p>	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p>
<p>Математика негіздері 3 сағат</p>	<p>Геометриялық пішіндер.</p> <p>Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру. Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Геометриялық пішіндерді модельдеуге, заттарды тең және тең емес бөліктерге бөлуге, бүтін мен бөлікті салыстыруға, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинастыруға, ауызша сипаттау бойынша пішіндерді құрастыруға үйрету.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат</p>	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа</p> <p>адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін</p> <p>білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек</p>

		<p>етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған</p> <p>тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан</p> <p>әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің</p> <p>педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын</p> <p>тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне</p> <p>құрмет көрсету.</p>
	<p>Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті 1 сағат Құрастыру</p> <p>Сурет салу</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Жапсыру</p>	<p>Ұжымдық сюжетті құрастыру.</p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді формаға өзгерте білуді бекіту. Дайын пішілген кескіндермен жұмыс жасау, күрделі емес сызба сызу, қайшымен нұсқаны тілік етіп кесу мен ойып ала білуді қалыптастыру.</p> <p>Балаларға түрлі материалдар: қарындаштарды, бояуларды қолдануды үйрету. Түзу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың (1–2) өрнектерінің суретін салу. Элементтерді пішіндер мен сұлбалардың ортасы мен шеттеріне орналастыра білу.</p> <p>Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру. Затты тұғырға орналастыру техникасын қалыптастыру. Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру: 1) түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету; Бөліктерден бейнелерді құрастыру, мерекелерге арнап үй-жайды безендіру үшін ұжымдық жұмыстарды орындау</p>
	<p>Музыка 2 сағат</p>	<p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің</p> <p>(шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің</p> <p>қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу</p>

Қаңтар айы
«Дене шынықтыру»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	«Ғарышқа саяхат»	1	10.01
2	«Жыл мезгілдеріне саяхат» (таза ауада)	1	13.01
3	«Жігіттер сайысы»	1	15.01
4	«Ұлы есімдер»	1	17.01
5	«Желаяқтар»	1	20.01
6	«Батырлар»	1	22.01
7	«Мерген»	1	24.01
8	«Аңшылар»	1	27.01
9	«Қыстаудағы ойындар»	1	29.01
10	«Желді қуып жет!» (таза ауада)	1	31.01

«Сөйлеуді дамыту»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Ажарлы қыс	2	9-14.01
2	Біз де ойнаймыз(Ертегі)	2	16-21.01
3	Ақсақ құлан (Аңыз)	2	23-28.01
4	Су торғайы (Әңгіме)	1	30.01

«Көркем әдебиет»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Орман емшілері	1	10.01
2	Жаңа жыл келді (Сағи Жиенбаевтың өлеңі)	2	14-17.01
3	Жақсы мен жаман (Рахым Тышқанбаевтың өлеңі)	2	21-24.01
4	Алтын балта (орыс халық ертегісі)	2	28-31.01

«Сауат ашу негіздері»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Біз нені үйрендік ,нені білдік?	2	9-13.01
2	Біз сөйлем құрай аламыз	1	15.01
3	Біз нені үйрендік, нені білдік?	2	16-20.01
4	Дыбыстық талдау	2	22-23.01
5	Дыбыстық талдау	2	27.29.01
6	Сөздің дыбыстық сызбасы	1	30.01

«Қазақ тілі»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Ұлттық киім	1	9.01
2	Дене мүшелерінің атқаратын қызметі	1	10.01
3	Азық-түлік	1	16.01
4	Асханада	1	17.01
5	Әжемнің базарлығы	2	23-24.01
6	Нан қайдан келеді?	1	30-31.01

**«Математика негіздері»
ұйымдастырылған іс-әрекеті**

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Бүтін және бөлік.	2	9-13.01
2	Артық, кем, тең	2	14-16.01
3	Заттар тобын салыстыру және санау.	2	20-21.01
4	Заттың бірнеше тең бөліктері.	2	23-27.01
5	Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару.	2	28-30.01

**«Қоршаған ортамен таныстыру»
Ұйымдастырылған іс-әрекеті**

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Ынтымақ пен бірлік мерекесі	1	13.01
2	Әскери мамандықтар. Ұлы Отан соғысының батырлары	1	15.01
3	Бізді не қоршап тұр?	1	20.01
4	Табиғатта не өзгерді?	1	22.01
5	Нан қайдан келеді?	1	27.01
6	Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз? Ағаш және бұта	1	29.01

**«Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті»
(Құрастыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру)**

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Ақшақардың сәнді көйлегі	1	14.01
2	Гүлдер	1	21.01
3	Қысқы орман	1	28.01

«Музыка»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Қысқы әуен сыңғырлайды	2	10-15.01
2	«Қыс қызығы»	2	17-22.01
3	«Бұл қай кезде болады?»	2	24-29.01
4	«Қыс келді»	1	31.01